

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҒЫ**

- Сұрақтар:
- 1. Қазақстан Республикасы азаматтығының түсінігі
- 2. Қазақстан Республикасы азаматтығын алу тәртібі.
- 3. Азаматтықты тоқтату негіздері
- 4. Ата-анасы азаматтығын өзгерткен және асырап алған жағдайдағы баланың азаматтығы
- 5. Қазақстан Республикасы Президентінің және мемлекеттік органдарының азаматтық мәселелер жөніндегі өкілеттігі

□

- Қазақстан Республикасында әрбір адамның азаматтық алуға құқығы бар.
- Қазақстан Республикасының азаматтығы **Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы 1991 ж. 20 желтоқсандағы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады.**
- Қазақстан Республикасының азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға **болмайды.**

- ▣ Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы алдында жауапты.

- **Қазақстан Республикасының азаматтары:**
- Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға;
- Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның территориялық тұтастығын қорғауға;
- мемлекеттік тіл мен оның территориясында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне, әдет-ғұрпына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
- Қазақстан Республикасының күш-құдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге **міндетті**.

Мына адамдар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады:

- **Азаматтық заң** күшіне енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын;
- Қазақстан Республикасының аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар.



- ▣ Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар салдарынан Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының өз территориясына қайтып оралуы үшін, сондай-ақ басқа мемлекеттер территориясында тұратын **қазақтар үшін жағдай жасайды.**

- ▣ Қазақстан Республикасы азаматының республикадан тыс жерлерде тұруы Қазақстан Республикасының азаматтығын **тоқтатуға әкеп соқтырмайды.**
- ▣ Қазақстан Республикасы азаматының немесе азаматшасының республика азаматы емес адаммен некеге тұруы, сондай-ақ мұндай некені бұзуы азаматтықтың **өзгеруіне әкеп соқтырмайды.**

- **2 Сұрақ. Қазақстан Республикасы азаматтығын алу тәртібі.**
- Қазақстан Республикасының азаматтығы:
- 1) тууы бойынша;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау нәтижесінде;
- 3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша.

- ▣ Бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының **азаматы болып табылады**
- ▣ Бала туған кезде ата-анасының екеуі де шет мемлекеттің азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының **азаматы болып табылмайды.**

Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда бала:

- 1) Қазақстан Республикасының территориясында туса;
- 2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде туса, бірақ, ата-анасының немесе олардың біреуінің бұл кезде Қазақстан Республикасы территориясында тұрақты тұрғылықты жері болса, ол **Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.**

- Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда, егер осы кезде ата-анасының екеуінің де Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғылықты жері болса, Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде **білдірген келісімі бойынша анықталады.**

- Бала туған кезде ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығында болып, ал екіншісі азаматтығы жоқ адам болса, не оның азаматтығы белгісіз болса, бала қай жерде туғанына қарамастан **Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.**
- Ата-анасының екеуі де белгісіз Қазақстан Республикасы территориясындағы бала Қазақстан **Республикасының азаматы болып табылады.**
- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында туған баласы Қазақстан **Республикасының азаматы болып табылады.**

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініштер бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

- **Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау шарттары:**
- 1) Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады.
-

- 2) Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі - баласы, жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі, апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту негіздері:

- ▣ 1) адамзатқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шықса;
- ▣ 2) Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;
- ▣ 3) ұлттық қауіпсіздікке, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы әрекетті жүзеге асырса;

- 4) ұлттаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса;
- 5) террористік және экстремистік ұйымдарға кірген немесе террористік әрекеті үшін сотталған болса;
- 6) халықаралық іздеуде болса, соттың күшіне енген үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе не сот оның әрекетін ерекше қауіпті баукеспелік деп таныса;
- 7) басқа мемлекеттің азаматы болса;
- 8) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш білдірген кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарласа немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмаса;

- ▣ 9) Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерде қасақана қылмыс жасағаны үшін, соттылығы алынбаған немесе өтелмеген болса;

- ▣ 10) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш бергенге дейінгі бес жыл ішінде экономика саласында құқық бұзушылық жасаса халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзса.

ЗСҰРАҚ Азаматтықты тоқтату негіздері

- ▣ Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылады:
- ▣ 1) Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу;
- ▣ 2) Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылу салдарынан

Азаматтықтан шығу

- Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуға адамның **Азаматтық туралы** заңда белгіленген тәртіппен жасаған өтініші негізінде рұқсат етіледі.

Республикасының азаматтығынан шығуға жол берілмейді.

- ▣ - Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттемелерінің немесе мүліктік міндеттемелерінің орындалмағанда;
- ▣ - Егер шығу туралы өтінішхат берген адамға қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілсе не ол заңды күшіне енген соттың үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе;
- ▣ - адамның Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келсе.

Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылу:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа мемлекетте әскери қызметке қауіпсіздік қызметіне, полицияға, юстиция органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан;
- 2) егер Қазақстан Республикасының азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса;

- 3) егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса;
- 4) егер адамның Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына негіз болған Қазақстан Республикасының азаматымен некесін сот жарамсыз деп таныса;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, шетелдіктерге асырап алуға берілген бала кәмелетке толған кезде оның ерікті қалауы бойынша айырылады.

- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және шет мемлекеттің азаматтығын қабылдаған адам өзге азаматтықты алған күнінен бастап күнтізбелік **отыз күн** ішінде шетел азаматтығын алу фактісі туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне хабарлауға және Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) **жеке куәлігін тапсыруға міндетті.**

- 4 Сұрақ. Ата-анасы азаматтығын өзгерткен және асырап алған жағдайдағы баланың азаматтығы
- Ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, оны қалпына келтірген не Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде тиісінше олардың 14 жасқа толмаған баласының азаматтығы өзгереді.

- Егер баланың ата-анасының біреуі белгілі болса, онда осы ата-ана Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, оны қалпына келтірген не Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде тиісінше 14 жасқа толмаған баланың **азаматтығы да өзгереді.**



- Егер ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығын алып, ал екіншісі басқа мемлекеттің азаматы не азаматтығы жоқ адам болып қала берсе, Қазақстан Республикасы территориясында тұратын 14 жасқа дейінгі бала ата-анасының осы туралы жазбаша өтініші бойынша **Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы мүмкін.**
- Егер ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығып, ал екіншісі Қазақстан Республикасының азаматы болып қала берсе, 14 жасқа дейінгі бала Қазақстан Республикасының **азаматтығын сақтап қалады.**

- Қазақстан Республикасының азаматы асырап алған, басқа мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын 14 жасқа дейінгі бала **Қазақстан Республикасының азаматы болады.**
- Біреуі Қазақстан Республикасының азаматы, ал екіншісі оның азаматы емес ерлі-зайыптылар асырап алған, басқа мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын 14 жасқа дейінгі бала асырап алушылардың жазбаша түрде білдірілген келісімімен **Қазақстан Республикасының азаматы болады.**

- Шетелдіктер асырап алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бала **кәмелетке толғанға дейін** Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтайды.
- Осы аталған баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына не шығуына ол кәмелетке толғаннан кейін және ерікті қалауы бойынша **ғана жол беріледі.**

- 14 жастан 18 жасқа дейінгі баланың ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, оны қалпына келтірген не Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан жағдайда, сондай-ақ асырап алған немесе қамқоршылық белгіленген жағдайда, көзделген тәртіппен баланың **келісуімен ғана өзгертуге болады.**

5 Сұрақ.

- **Қазақстан Республикасының Президенті:**
- -Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдау туралы;
- -Қазақстан Республикасы азаматтығын қалпына келтіру туралы;
- -Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығару туралы;
- -Заңда көзделген реттерде Қазақстан Республикасы азаматтығын сақтау туралы шешімдер қабылдайды.

Ішкі істер органдары:

- ▣ 1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі өтініштер қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді;
- ▣ 2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделгендей, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды тіркеуді жүзеге асырады;

- 3) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылуын тіркейді;
- 4) жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды ресімдейді;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматы болуын (болмауын) айқындайды.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері:

- ▣ -Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде өтініштер қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді;

- -Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылуын тіркейді;
- -Белгілі бір елде Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері болмаған ретте бұл органдардың міндеттерін тиісті шарттар негізінде басқа мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері атқарады.

- Азаматтық мәселелер жөніндегі арыздар Азаматтық туралы заңда көрсетілген органдар арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің **атына беріледі.**
- Арызды немесе ұсынысты қарау **мерзімі алты** айдан аспауға тиіс.
- Азаматтық мәселелерді алдын ала қарау үшін Қазақстан Республикасының Президенті **азаматтық мәселелер жөнінде комиссия құрады.**

- Азаматтыққа қабылдау, оны өзгерту мәселелері жөнінде және өтініш қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің **Жарлығы шығарылады.**
- Азаматтық мәселе жөнінде қайталап берілген арыз бұл мәселе жөніндегі осының алдындағы шешімнен кейін бір жыл өткен соң қаралады.